

**Қызыларық ауылдық округінің Қызыларық ауылы аумағына шектеу іс - шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгілеу туралы**

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Қызыларық ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 15 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 тамызда № 1992 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1, 27 баптарына сәйкес және Жуалы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 06-02/61 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ұсақ мүйізді малдардан бруцеллездің эпизоотиялық ошағының анықталуына байланысты Қызыларық ауылдық округінің Қызыларық ауылы аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызыларық ауылдық округі әкімі аппаратының ветеринар бас маманы Есенбай Жанысбайұлы Бекбулатұлына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы *Ауылдық округ әкімі*  
*Е.Ж. Бекбулатов*

«КЕЛІСІЛДІ»:

" Ж а м б ы л о б л ы с ы і ш к і і с т е р  
Департаментінің Жуалы аудандық  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Б . А . Б ү р к і т б а е в

31 шілде 2013 жыл

Жуалы ауданы бойынша Мемлекеттік  
"Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы  
М . И с к а к о в

31 шілде 2013 жыл

"Қазақстан министрлігі қадағалау инспекциясы" Е . 31 шілде 2013 жыл	Республикасы Ветеринариялық комитетінің Жуалы мемлекеттік	Ауыл бақылау аудандық мекемесінің	шаруашылығы және аумақтық басшысы О ш а н о в
--	---	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК